

## Жылыой ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 мамырдағы № 4-4 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 маусымда № 5033-06 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365 бабының 3 тармағының 2) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабына сәйкес Жылыой аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жылыой ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімінің 2-қосымшасына сәйкес Жылыой аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*Қ. Мыңбаев*

Жылыой аудандық  
мәслихатының 2023 жылғы  
24 мамырдағы № 4-4 шешіміне  
1 қосымша

## Жылыой ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық жинақталу нормасы, м3
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,55
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,4
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері	1 орын	0,8
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,17
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,5
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,74
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,14

7	Ауруханалар, емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,1
8	Мектептер және колледждер, өнер мектептері, лицейлер, оқу орталықтары	1 оқушы	0,26
9	Мейрамханалар, дәмханалар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,4
10	Театрлар, кино театрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,27
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,01
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,26
14	Азық-түлік, өнер кәсіптік-тауар дүкендері, супермаркеттер, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1 м2	0,76
15	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,09
16	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,03
17	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,4
18	Вокзалдар, автовокзалдар	Жалпы алаңы 1 м2	0,64
19	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,01
20	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,3
21	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,4
22	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,3
23	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	1,3
24	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1
	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау		

25	орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,24
26	Зергерлік, аяқкиімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,29
27	Кілт жасау орталығы, ұялы телефон жөндеу шеберханасы, көшірме орталықтары	1 жұмыс орны	0,3
28	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	1,7
29	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,015
30	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	--

Жылыой аудандық  
мәслихатының 2023 жылғы  
24 мамырдағы № 4-4 шешіміне  
2 қосымша

### **Жылыой аудандық мәслихатының күші жойылған шешімдерінің тізбесі:**

1. Жылыой ауданы мәслихатының 2016 жылғы 31 қазандағы № 6-2 "Жылыой ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3683 болып тіркелген) шешімі;

2. Жылыой ауданы мәслихатының 2016 жылғы 31 қазандағы № 6-3 "Жылыой ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, кәдеге жарату және көму тарифтерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3684 болып тіркелген) шешімі;

3. Жылыой аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 14-4 "Жылыой ауданы аумағында сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3957 болып тіркелген) шешімі;

4. Жылыой ауданы мәслихатының 2019 жылғы 16 мамырдағы № 35-2 "Жылыой ауданы мәслихатының 2016 жылғы 31 қазандағы № 6-2 "Жылыой ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4402 болып тіркелген) шешімі;

5. Жылыой аудандық мәслихатының 2019 жылғы 16 мамырдағы № 35-3 "Жылыой ауданы мәслихатының 2016 жылғы 31 қазандағы № 6-3 "Жылыой ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, кәдеге жарату және көму тарифтерін

бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4401 болып тіркелген) шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ